

**Балаларға қосымша білім беру ұйымдарының педагогтері мен мамандарына арналған «Қосымша білім беруде білім алушыларды әскери-патриоттық тәрбиелеудің нысандары, құралдары және технологиялары» біліктілікті арттыру курсының білім беру бағдарламасы**

**1-бөлім. Жалпы ережелер**

1. Балаларға қосымша білім беру ұйымдарының педагогтері мен мамандарына арналған «Қосымша білім беруде білім алушыларды әскери-патриоттық тәрбиелеудің нысандары, құралдары және технологиялары» біліктілікті арттыру курсының білім беру бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) әскери-патриоттық бағытта балаларға қосымша білім беру педагогтерінің кәсіби және педагогикалық дағдыларын дамытуға бағытталған.

2. Бағдарлама Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК педагогтердің кәсіби даму қажеттіліктерін талдау негізінде әзірленді.

3. Бағдарлама курс тыңдаушыларына әскери-патриоттық тәрбие берудің жаңа тәсілдерін енгізуде тиісті психологиялық-педагогикалық және әдістемелік қолдау алуға мүмкіндік береді, сондай-ақ әскери-патриоттық клубтардың жұмысын жүйелейді.

4. Бағдарлама өзекті, өйткені Қазақстанда жастарды патриоттық тәрбиелеу саласындағы мемлекеттік басымдықтарға сәйкес келеді және жастарда жауапкершілік, жоғары руханилық, адамгершілік, белсенді азаматтық ұстаным, патриоттық сана, әділеттілік, мақсатқа ұмтылу, бірлік, махаббат және туған жерге деген жанқиярлық қарым-қатынас сияқты қасиеттерді қалыптастыру қажеттілігімен байланысты әлемдік үрдістерді ескереді. Бұл Отанды қорғауға және қоғам проблемаларын шешуге белсене қатысуға дайын азаматтардың білімі мен тәрбиесі үшін берік тұғырнаманы қамтамасыз етуде маңызды.

5. Бағдарлама жастарды жалпыұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға адалдық, діни толеранттылық пен этносаралық келісім, бейбітшілік пен жасампаз өмірге ұмтылу, бірлік пен даму сияқты жалпыұлттық құндылықтар негізінде азаматтық бірегейлікті қалыптастыру рухында патриоттық тәрбиелеудің әлемдік трендтерін ескереді.

**2-бөлім. Глоссарий**

6. Бағдарламада қолданылатын ұғымдар:

1) әскери-патриоттық клуб – балалар мен жасөспірімдерді патриоттық тәрбиелеумен, әскери қызметке дайындаумен, салауатты өмір салтын насихаттаумен айналысатын қосымша білім беру ұйымы;

2) балаларға қосымша білім беру – білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жан-жақты қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында жүзеге асырылатын тәрбиелеу, оқыту процесі;

3) білім берудегі жаһандық трендтер – әлемдік деңгейде білім беру саласындағы өзгерістерді көрсететін және оқытудың жаңа форматтары, технологиялары мен білім беру үдерісіне тәсілдер іздеумен байланысты жалпы тенденция;

4) коучинг – оқыту барысында «коуч» білім алушыға мақсатқа жетуге көмектесетін оқыту әдісі;

5) патриотизм – өз Отанына, өз халқына деген адалдық пен махаббат, өз Отанының мүддесі үшін кез келген құрбандар мен ерліктерге дайын болу;

6) педагогикалық технология – формалардың, әдістердің, тәсілдердің, оқыту әдістерінің, тәрбие құралдарының арнайы жиынтығы мен орналасуын анықтайтын психологиялық-педагогикалық көзқарастардың жиынтығы;

7) тренинг – интерактивті оқыту нысаны, оның мақсаты қарым-қатынаста тұлғааралық және кәсіби мінез-құлықтың құзыреттілігін дамыту болып табылады;

8) генеративті жасанды интеллект - сұрауларға жауап ретінде мәтінді, кескіндерді немесе басқа ақпарат құралдарын жасай алатын жасанды интеллект жүйесінің бір түрі. Жаттығу деректерінен жаңа деректерді статистикалық іріктеу үшін үлкен тіл үлгілері сияқты генеративті үлгілерді пайдаланады;

9) Альфа буыны – 2010 жылдардың басынан 2020 жылдардың ортасына дейін дүниеге келген адамдардың ұрпағы үшін бүкіл әлемде қолданылатын термин;

10) цифрлық өзара әрекеттесу жағдайындағы қамқорлық педагогикасы – оқушылардың әл-ауқаты мен дамуына басымдық беретін жаһандық тренд;

11) қарым-қатынас педагогикасы – бұл адамдар арасындағы қарым-қатынасты тиімді оқыту мен оқытудың негізі ретінде түсінуге негізделген әлемдік тенденция. Қарым-қатынас педагогикасы ортақ мақсаттар мен міндеттерге жету үшін басқалармен ынтымақтастық жасау қабілетін дамытуға бағытталған.

12) ЖИ-құралдарын пайдалана отырып оқыту – білім беру контекстінде ЖИ-құралдарын білу мен қолданудың жаһандық үрдісі;

13) білім беру үшін метағалам – виртуалды шындық кеңістігі, онда қатысушылар сандық аватарларды пайдалана отырып, нақты әлемде (соның ішінде басқа пайдаланушылармен өзара әрекеттесу) жасайтын барлық нәрсені жасай алады;

14) мультимодальды педагогика – сабақ барысында мұғалім ақпарат беретін және оқушылар тапсырмалармен жұмыс істейтін әртүрлі форматтарды біріктіруге бағытталған әлемдік тренд;

15) сынақ арқылы оқыту (challenge) – оқушылардың нақты мәселені шешуін қамтиды. Бұл олар үшін қиындыққа айналады және әртүрлі дереккөздерді тарта отырып, қажетті тақырыпты зерттеуге ынталандырады;

16) медиабілім беру – ақпаратпен жұмыс істей білуге, сондай-ақ медиа ортада ыңғайлы және қауіпсіз қатысуға бағытталған әлемдік білім беру тенденциясы;

17) «Өмір бойы білім алу» (Lifelong Learning) – еріктілікпен, ішкі мотивациямен, оқу үдерісіне дербес бастамашылықпен және сабақтың бейресмидігімен сипатталатын жеке тұлғаның кәсіби, әлеуметтік және рухани салаларда тұрақты дамуын білдіретін жаһандық білім беру тенденциясы.

### **3-бөлім. Бағдарлама тақырыптары**

7. Бағдарлама төрт модульден тұрады:

- 1) нормативтік құқықтық;
- 2) психологиялық-педагогикалық;
- 3) теориялық-технологиялық;
- 4) практикаға бағдарланған.

8. Нормативтік құқықтық модуль балаларға қосымша білім берудің заңнамалық және нормативтік құқықтық базасын жаңарту мәселелерін ашады.

Модуль тақырыптары:

- 1) Қазақстан Республикасындағы балаларға қосымша білім беру;
- 2) балаларға қосымша білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдардың қызметін реттеудің заңнамалық және нормативтік құқықтық негіздері;

3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру.

9. Психологиялық-педагогикалық модуль балалармен психологиялық-педагогикалық жұмыс бойынша білімді жетілдіруді, бала тұлғасын дамыту, балалардың жас ерекшеліктері, балалар бірлестігінің қалыптасу заңдылықтарын, тұлғааралық қарым-қатынас мәселелерін, тұлғааралық және топтық дау-дамайлардың алдын алу мәселелерін қарастырады.

Модуль тақырыптары:

- 1) қазіргі балаларды қалай тәрбиелеу керек. Альфа буыны;
- 2) клубтық жұмыс түрлерінің педагогикалық және әлеуметтік-мәдени әлеуеті;

3) әскери-патриоттық клубтар арқылы жастарды Отан қорғауға дайындаудың психологиялық аспектілері;

4) педагогтердің кәсіби күйіп қалу синдромының алдын алу: диагностика, тренингтер, жаттығулар;

5) білім берудегі жаһандық трендтер: цифрлық өзара әрекеттесу жағдайындағы қамқорлық педагогикасы, қарым-қатынас педагогикасы;

6) әскери-патриоттық клуб – жасөспірімдер арасындағы девиантты мінез-құлықтың алдын алу құралы.

10. Теориялық-технологиялық модуль жаңа педагогикалық, жобалық және зерттеу технологияларын, әскери-патриоттық клубтардағы қызметтің

мазмұны мен нысандарын, оларды қолдану ерекшеліктерін, негізгі күтілетін нәтижелерді ашады.

Модуль тақырыптары:

1) педагогикадағы жаһандық трендтер мен тенденциялар: ЖИ-құралдарын пайдалану; білімге арналған метағалам; мультимодальды педагогика; сынақ арқылы оқыту және т.б.;

2) балалар мен жастарға патриоттық тәрбие берудің халықаралық және отандық тәжірибесі;

3) Тәуелсіз Қазақстанның әскери-тарихи мұрасын зерделеу арқылы патриоттық тәрбие беру жүйесінде оқушылардың ұлттық құндылықтарын қалыптастыру;

4) әскери-патриоттық клубтарды ұйымдастыру, жоспарлау және жұмыс бағыттары;

5) медиа білім беру –жаһандық білім берудегі жаңа тенденция (медиа және ақпараттық сауаттылық, медиа қауіпсіздігі және киберқауіпсіздік);

6) «Өмір бойы білім алу» (Lifelong Learning) тенденциясы аясында әскери-патриоттық клуб жетекшілерінің біліктілігін арттыру;

7) әскери-патриоттық клубтардың жұмысында онлайн ресурстарды (интерактивті тақталар, оқу қосымшалары, қашықтықтан оқыту платформалары және т.б.) және жасанды интеллекттің генеративті құралдарын пайдаланудың негізгі принциптері;

8) қосымша білім беру жағдайында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс атқарудың инновациялық нысандары.

11. Практикаға бағдарланған модуль практикалық білім беруге көшу жағдайында педагогикалық қызметті жетілдіруге, әскери-патриоттық клубтарда практикалық сабақтар барысында меңгерілуі мүмкін инновациялық жобаларды іске асыруға ықпал етеді.

Модуль тақырыптары:

1) «Жас сарбаз» балалар мен жасөспірімдер әскери-патриоттық қозғалысы. «Smart sarbaz» үйірмелері. «Жас Сарбаз хаб» коворкинг орталығы. «Сағадат» мобильді интерактивті ақпараттық модулі;

2) қоғамдық ұйымдармен өзара әрекеттесу бойынша әскери-патриоттық клуб жетекшісінің жұмысы;

3) ата-аналармен және жұртшылықпен жұмыс -әскери-патриоттық клуб жұмысындағы ең маңызды аспект;

4) әскери-патриоттық клубтардағы волонтерлік қызмет бағыттары (ардагерлерге көмек көрсету, ескерткіштерді күту және т.б.);

5) әскери-патриоттық клубтардағы балалардың ғылыми-зерттеу және жобалау іс-әрекетінің технологиялары техникалық ойлау мен ғылымға қызығушылықты дамыту құралы ретінде;

6) балалар бірлестігінің коммуникациялық ортасындағы тренинг және коучинг технологиялары;

7) әскери-патриоттық клубтардың оқушыларымен рөлдік және іскерлік

ойындарды ұйымдастыру кезінде ЖИ- құралдарын пайдалану;

8) сынақ арқылы оқытудың жаһандық тренді (challenge) – сыни ойлауды дамыту, типтік емес кейстерді шеше білу, пәнаралық ынтымақтастық және командада жұмыс дағдыларын дамыту.

12. Бағдарламаның жаңашылдық дәрежесі оның тәжірибеге бағдарланған сипатында, педагогтерді білім берудегі қазіргі әлемдік трендтер және тенденциялармен таныстыруында, әскери-патриоттық тәрбиенің сапасын арттыру үшін инновациялық тәсілдер мен цифрлық білім беру ресурстарын пайдалануында.

Талдау көрсеткендей, әскери-патриоттық клубтарда жұмыс істейтін мұғалімдер мен қосымша білім беру мамандары үшін ұқсас бағдарламалар жоқ, бұл бағдарлама бірегей.

#### **4-бөлім. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері**

13. Бағдарламаның мақсаты: балалар мен жастардың бойында отансүйгіштік пен адамгершілікті қалыптастыру жұмыстарын ұйымдастырудың тиімділігін арттыру арқылы қосымша білім беру педагогтерінің білімін жаңарту және құзыреттілігін арттыру.

14. Бағдарламаның міндеттері:

1) тыңдаушыларды заңнамалық және нормативтік құқықтық актілердегі жаңалықтармен, балаларға арналған қосымша білім беру жүйесінің мазмұнымен, заманауи білім беру технологияларымен таныстыру;

2) білім берудегі әлемдік трендтер мен тенденциялармен, ресурстық қамтамасыз етудің озық әдістерімен және жастарды патриоттық тәрбиелеуді жоспарлаумен таныстыру;

3) балаларды отансүйгіштікке тәрбиелеу саласында кәсіби құзыреттіліктерді қалыптастыру, балалар мен жастарды әскери-патриоттық тәрбиелеу бойынша жұмыстың жаңа түрлерін дамыту;

4) педагогикалық іс-әрекеттің заманауи формаларын, әдістері мен құралдарын оқу-тәрбие процесіне енгізу;

5) әскери-патриоттық клубтардың педагогтеріне әдістемелік және практикалық көмек көрсету.

15. Курстың соңында балаларға қосымша білім беру педагогтерінің білімдері жаңартылады және кәсіби құзыреттілік дағдылары жетілдіріледі.

Курс соңында тыңдаушылар:

1) біледі:

балаларға қосымша білім беру ұйымдарының қызметін реттеудің заңнамалық және нормативтік құқықтық негіздерін;

әскери-патриоттық клубтар арқылы жастарды әскери қызметке дайындаудың психологиялық аспектілерін;

педагогиканың әлемдік трендтер мен тенденциялары, балалар мен

жастарға патриоттық тәрбие берудің халықаралық және отандық тәжірибесін;  
әскери-патриоттық клубтардың жұмысында онлайн-ресурстарды және жасанды интеллектті пайдаланудың негізгі принциптерін біледі.

2) меңгереді:

ақпаратпен жұмыс істеу, сыни тұрғыдан ойлау және талдау, білім беру ортасындағы өзгерістерге икемді және бейімделуді;

балалар мен жастарға патриоттық тәрбие беруде халықаралық және отандық тәжірибені тәжірибеде пайдалануды;

әскери-патриоттық үйірмелерде балалардың ғылыми-зерттеу және жобалау іс-әрекетіне әртүрлі технологияларды қолдануды;

оқушылармен, ата-аналармен және қоғамдық ұйымдармен тиімді өзара әрекеттесуді меңгереді.

3) дағдыланады:

әскери-патриоттық клубтар жұмысының әртүрлі бағыттарын ұйымдастыру және жоспарлау бойынша қажетті білімді;

әскери-патриоттық клубтар жұмысының заманауи формалары, құралдары мен технологияларын;

балалар бірлестігінің коммуникациялық ортасында оқыту және коучинг технологияларын игереді.

16. Бағдарламаның практикалық маңыздылығы тыңдаушылардың кәсіби құзіреттілігін арттыруда және алған білімдерін отансүйгіштік пен азаматтық құндылықтарды тәрбиелеуде практикалық жұмыста қолдануда, қоғам өміріне белсенді қатысуға және олардың мүдделеріне қызмет етуге, ел, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қабілетті күшті және тұрақты азаматтық қоғам құруға дайын интеллектуалды және бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыруда.

## **5-бөлім. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны**

17. Бағдарлама құрылымы:

1) жалпы ережелер;

2) глоссарий;

3) бағдарлама тақырыптары;

4) бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері;

5) бағдарламаның құрылымы мен мазмұны;

6) оқу процесін ұйымдастыру;

7) бағдарламаның оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі;

8) оқыту нәтижелерін бағалау;

9) курстан кейінгі қолдау;

10) негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі.

18. Теориялық және практикалық сағаттардың саны көрсетілген 80 академиялық сағатты құрайтын Бағдарлама жоспары.

№	Модульдер	Сағаттар	Теория	Практика
1	Нормативтік құқықтық модуль			
1.1	Кіріспе. Қазақстан Республикасында балаларға қосымша білім беру	2	2	0
1.2	Балаларға қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдардың қызметтерін реттейтін заңнамалық және нормативтік құқықтық негіздері	2	2	0
1.3	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру	2	2	0
2	Психологиялық-педагогикалық модуль			
2.1	Қазіргі балаларды қалай тәрбиелеу керек. Альфа буыны	4	2	2
2.2	Клубтық жұмыс түрлерінің педагогикалық және әлеуметтік мәдени потенциалы	4	2	2
2.3	Әскери-патриоттық клубтар арқылы жастарды Отан қорғауға дайындаудың психологиялық аспектілері	2	0	2
2.4	Педагогтердің кәсіби күйіп қалу синдромының алдын алу: диагностика, тренингтер, жаттығулар	2	0	2
2.5	Білім берудегі жаһандық трендтер: цифрлық өзара әрекеттесу жағдайындағы қамқорлық педагогикасы, қарым-қатынас педагогикасы	2	2	0
2.6	Әскери-патриоттық клуб жасөспірімдер арасындағы девиантты мінез-құлықтың алдын алу құралы ретінде	2	0	2
3	Теориялық-технологиялық модуль			
3.1	Педагогикадағы жаһандық трендтер мен тенденциялар: ЖИ - құралдарын пайдалану; білімге арналған метағалам; мультимодальды педагогика; сынақ арқылы оқыту және т.б.	2	2	0
3.2	Балалар мен жастарға патриоттық тәрбие берудің халықаралық және отандық тәжірибесі	2	0	2
3.3	Тәуелсіз Қазақстанның әскери-тарихи мұрасын зерделеу арқылы патриоттық тәрбие беру жүйесінде оқушылардың	4	2	2

	ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ			
3.4	Әскери-патриоттық клубтарды ұйымдастыру, жоспарлау және жұмыс бағыттары	4	0	4
3.5	Медиа білім беру – жаһандық білім берудегі жаңа тенденция (медиа және ақпараттық сауаттылық, медиа қауіпсіздігі және киберқауіпсіздік)	2	2	0
3.6	«Өмір бойы білім алу» (Lifelong Learning) тенденциясы аясында әскери-патриоттық клуб жетекшілерінің біліктілігін арттыру	2	2	0
3.7	Әскери-патриоттық клубтардың жұмысында онлайн ресурстарды (интерактивті тақталар, оқу қосымшалары, қашықтықтан оқыту платформалары және т.б.) және жасанды интеллекттің генеративті құралдарын пайдаланудың негізгі принциптері	4	2	2
3.8	Қосымша білім беру жағдайында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс атқарудың инновациялық нысандары	2	0	2
4	Практикаға бағдарланған модуль			
4.1	«Жас сарбаз» балалар мен жасөспірімдер әскери-патриоттық қозғалысы. «Smart sarbaz» үйірмелері. «Жас Сарбаз хаб» коворкинг орталығы. «Сағадат» мобильді интерактивті ақпараттық модулі	4	2	2
4.2	Қоғамдық ұйымдармен өзара әрекеттесу бойынша әскери-патриоттық клуб жетекшісінің жұмысы	4	2	2
4.3	Ата-аналармен және жұртшылықпен жұмыс - әскери-патриоттық клуб жұмысындағы ең маңызды аспект	4	2	2
4.4	Әскери-патриоттық клубтардағы волонтерлік қызмет бағыттары (ардагерлерге көмек көрсету, ескерткіштерді күту және т.б.)	4	2	2
4.5	Әскери-патриоттық клубтардағы балалардың ғылыми-зерттеу және жобалау іс-әрекетінің технологиялары техникалық ойлау мен ғылымға	4	2	2



	қызығушылықты дамыту құралы ретінде			
4.6	Балалар бірлестігінің коммуникациялық ортасындағы тренинг және коучинг технологиялары	6	2	4
4.7	Әскери-патриоттық клубтардың оқушыларымен рөлдік және іскерлік ойындарды ұйымдастыру кезінде ЖИ-құралдарын пайдалану	4	2	2
4.8	Сынақ арқылы оқытудың жаһандық тренді (challenge) – сыни ойлауды дамыту, типтік емес кейстерді шеше білу, пәнаралық ынтымақтастық және командада жұмыс дағдыларын дамыту	2	0	2
4.9	Тестілеу. Шығармашылық жобаларды қорғау	4	0	4
	Барлық академиялық сағаттар саны	80	36	44

19. Теориялық және практикалық сағаттар саны көрсетілген ұзақтығы 40 академиялық сағаттық бағдарламаның жоспары.

№	Модульдер	Сағаттар	Теория	Практика
1	Нормативтік құқықтық модуль			
1.1	Кіріспе. Қазақстан Республикасында балаларға қосымша білім беру	2	2	0
1.2	Балаларға қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдардың қызметтерін реттейтін заңнамалық және нормативтік құқықтық негіздері	2	2	0
1.3	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру	2	2	0
2	Психологиялық-педагогикалық модуль			
2.1	Клубтық жұмыс түрлерінің педагогикалық және әлеуметтік мәдени потенциалы	2	0	2
2.2	Әскери-патриоттық клубтар арқылы жастарды Отан қорғауға дайындаудың психологиялық аспектілері	2	0	2
3	Теориялық-технологиялық модуль			
3.1	Балалар мен жастарға патриоттық тәрбие берудің халықаралық және отандық тәжірибесі	2	2	0
3.2	Тәуелсіз Қазақстанның әскери-тарихи	2	0	2

	мұрасын зерделеу арқылы патриоттық тәрбие беру жүйесінде оқушылардың ұлттық құндылықтарын қалыптастыру			
3.3	Әскери-патриоттық клубтарды ұйымдастыру, жоспарлау және жұмыс бағыттары	2	0	2
3.4	Медиа білім беру – жаһандық білім берудегі жаңа тенденция (медиа және ақпараттық сауаттылық, медиа қауіпсіздігі және киберқауіпсіздік)	2	2	0
3.5	«Өмір бойы білім алу» (Lifelong Learning) тенденциясы аясында әскери-патриоттық клуб жетекшілерінің біліктілігін арттыру	2	2	0
3.6	Әскери-патриоттық клубтардың жұмысында онлайн ресурстарды (интерактивті тақталар, оқу қосымшалары, қашықтықтан оқыту платформалары және т.б.) және жасанды интеллекттің генеративті құралдарын пайдаланудың негізгі принциптері	2	0	2
3.7	Қосымша білім беру жағдайында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс атқарудың инновациялық нысандары	2	0	2
4	Практикаға бағдарланған модуль			
4.1	«Жас сарбаз» балалар мен жасөспірімдер әскери-патриоттық қозғалысы. «Smart sarbaz» үйірмелері. «Жас Сарбаз хаб» коворкинг орталығы. «Сағадат» мобильді интерактивті ақпараттық модулі	2	2	0
4.2	Қоғамдық ұйымдармен өзара әрекеттесу бойынша әскери-патриоттық клуб жетекшісінің жұмысы	2	2	0
4.3	Ата-аналармен және жұртшылықпен жұмыс - әскери-патриоттық клуб жұмысындағы ең маңызды аспект	2	0	2
4.4	Әскери-патриоттық клубтардағы волонтерлік қызмет бағыттары (ардагерлерге көмек көрсету, ескерткіштерді күту және т.б.)	2	0	2

4.5	Әскери-патриоттық клубтардағы балалардың ғылыми-зерттеу және жобалау іс-әрекетінің технологиялары техникалық ойлау мен ғылымға қызығушылықты дамыту құралы ретінде	2	0	2
4.6	Балалар бірлестігінің коммуникациялық ортасындағы тренинг және коучинг технологиялары	2	0	2
4.7	Әскери-патриоттық клубтардың оқушыларымен рөлдік және іскерлік ойындарды ұйымдастыру кезінде ЖИ-құралдарын пайдалану	2	0	2
4.8	Тестілеу. Шығармашылық жобаларды қорғау	2	0	2
	Барлық академиялық сағаттар саны	40	16	24

20. Күтілетін нәтижелер қосымша білім беру педагогтерінің білімін жаңартуға және құзыреттерін жетілдіруге, білім алушылардың патриоттық дүниетанымы мен патриоттық сезімдерін қалыптастыруға, психологиялық-педагогикалық ғылымның талаптарын ескеретін педагогикалық қызметке бағытталған Бағдарламаның мақсаты мен міндеттерімен өзара байланысты.

### **6-бөлім. Оқу процесін ұйымдастыру**

21. Оқу процесін ұйымдастыру аудиториялық және қашықтықтан (онлайн) оқыту түрінде сабақтар өткізуді, сондай-ақ, тыңдаушылардың өз бетінше жұмыс жасауын қарастырады. Сабақ кестесін құру кезінде онлайн және офлайн режимдерінде қашықтықтан оқыту форматының ерекшеліктері ескеріледі.

22. Курс ұзақтығы 80 немесе 40 академиялық сағатты құрайды. Сабақ кестесін жасау кезінде ғылым мен педагогикалық технологиялардағы жаңартуларды ескере отырып, Бағдарламаның тақырыптарына өзгерістер енгізуге жол беріледі.

23. Курстың оқу үдерісі оқытудың интерактивті түрлерін қамтиды: пікірталас, тренинг, шеберлік сыныптары, практикалық сабақтар, шығармашылық шеберханалар, мәселелерді бірлесіп шешу, жобаларды қорғау, тестілеу.

24. Бағдарлама әскери-патриоттық тәрбие берудің және балалардың қоғамдық қозғалысын ұйымдастырудың дәстүрлі және инновациялық әдістерін пайдалана отырып, шығармашылықты көрсету үшін қажетті жағдайларды көздейді. Бағдарлама балаларға қосымша білім берудің әлеуметтік-педагогикалық бағытының жұмыс істеуі мен дамуы процесін заңнамалық және

нормативтік құқықтық, ғылыми-зерттеу, бағдарламалық-әдістемелік, практикалық қамтамасыз ету бойынша теориялық және практикалық сабақтарды қамтиды және заманауи талаптарға сай қосымша білім беру сапасын арттыру бойынша мақсаттылықты, тұтастықты және жүйелі әрекеттерді қамтамасыз етуге арналған.

25. Курс тыңдаушыларының мақсатты тобы: ведомстволық бағыныстылығына және меншік нысанына қарамастан балаларға қосымша білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдардың оқытушылары мен мамандары.

### **7-бөлім. Бағдарламаның оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі**

26. Оқу-әдістемелік қамтамасыз ету – теориялық материалмен, оқу материалын меңгеру тапсырмаларымен, оларды өзін-өзі бағалау критерийлерімен ұсынылған Бағдарламаны іске асыруға арналған дидактикалық материалдар.

27. Бағдарламаны жүзеге асыруға арналған дидактикалық материалдар:  
оқу-әдістемелік құралдар;  
тренер/оқытушы/тьютор, тыңдаушыға арналған әдістемелік ұсынымдар;  
дәріс материалдары;  
практикалық сабақтар бойынша материалдар;  
білім, білік, дағдыны бақылауға арналған материалдар;  
глоссарий (анықтамалық, сөздік);  
презентация материалдары;  
практикалық сабақтың әдістемелік материалдары;  
аудио, бейне және мультимедиялық материалдар;  
негізгі, қосымша әдебиеттер ретінде тыңдаушыларға ұсынылатын оқу әдебиеттерінің тізімдері және басқалар.

Оқу-әдістемелік кешендер басылым (кітаптар, кітапшалар) нұсқасында, электронды түрінде де қолданылуы мүмкін.

Курсты қашықтықтан өткізу кезінде теориялық және практикалық сабақтарға арналған материалдар <https://edu.ziyatker.org/> интернет-платформасында орналастырылады.

28. Оқу-әдістемелік қамтамасыз ету Бағдарламаның модульдеріне сәйкес:

1) нормативтік құқықтық модуль – Қазақстан Республикасының білім мәселелері бойынша заңнамалық және нормативтік-құқықтық актілерімен;

2) психологиялық-педагогикалық модуль – электрондық оқыту ресурстарымен (аудио, бейне материалдар, анимация және иллюстрациялар), тренингтердің, практикалық сабақтардың әдістемелік материалдарымен;

3) теориялық-технологиялық модуль – оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыру бойынша бағдарламалармен, білім мазмұнын жаңарту бойынша

әдістемелік ұсынымдармен, оқу-әдістемелік құралдарымен, оқу-анықтамалық (глоссарий, анықтамалық, сөздік және басқа) материалдарымен;

4) практикаға бағдарланған модуль – заманауи оқу-әдістемелік кешендердің, практикалық сабақтардың, шеберлік сыныптардың, тренингтердің, презентация материалдарының әзірлемелерімен;

5) әр модуль басылым немесе электронды нұсқадағы дәрістердің материалдарымен іске асырылады.

29. Курсты аяқтағаннан кейін тыңдаушылар өзін-өзі бағалау критерийі ретінде алған білімдерін практикада қолдану бойынша шығармашылық жобаларын қорғайды.

### **8-бөлім. Оқу нәтижелерін бағалау**

30. Курс аяқталғаннан кейін балаларға қосымша білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдардың педагогтары мен мамандарының білімін жаңарту, толықтыру және кәсіби құзыреттілік дағдыларын жетілдіру көзделеді.

31. Оқу процесінің соңында тыңдаушылардың білімдерін бақылау және бағалау мақсатында:

- 1) шығармашылық жобаны презентациялау;
- 2) қорытынды тестілеу жүргізіледі.

Білімді бағалау нәтижесінде максималды саны – 100 балл, ең аз саны – 50 балл.

Тест сұрақтарының жалпы саны – 20. Әрбір дұрыс жауап үшін 2 балл беріледі. Тест үшін барлығы – 40 балл. Тестілеудің шекті деңгейі – 20 балл.

Шығармашылық жоба қорғау – 40 балл.

Қосымша балл беріледі:

Курсқа қатысу – 10 балл;

сабақ кезіндегі белсенділігі үшін – 10 балл.

32. Курстың қорытындысы бойынша тест тапсырмалары мына білімге қатысты сұрақтарды қамтиды:

- 1) білім беру жүйесіндегі заңнамалық және нормативтік құқықтық актілер;
- 2) әскери-патриоттық бағытты ұйымдастырудың заманауи тәсілдері;
- 3) шығармашылық қызмет үдерісінде психологиялық-педагогикалық аспектілер;
- 4) клубтық іс-шаралар аясында әскери-патриоттық тәрбие берудің инновациялық технологиялары мен оқыту әдістемесі.

33. Курс нәтижелері бойынша жобаның презентациясы жеке немесе топта оқылған модульдер негізінде шығармашылық жобаны қорғауды қамтиды.

34. Бағдарламаны іске асырудың қорытындысы бойынша тестті және шығармашылық жоба қорғауды бағалау критерийлері.

«Сынақ» (тест: 50 пайыз және одан жоғары) – педагог орындалған тапсырманың проблемалық саласын біледі, шешілетін проблеманың бастапқы себептерін түсінеді, тапсырманы орындау үшін білімдерін қолданады, проблеманы шешу үшін тәсілдерді (әдістер, құралдар, нысандар, аспаптар және тағы басқа) талдайды және жинақтайды, күнделікті практика проблемаларын шешу үшін тапсырманы орындау маңыздылығын бағалайды.

«Сынақтан өтпейді» (тест: 50 пайыздан төмен) – педагог орындалған тапсырманың проблемалық саласын жеткіліксіз біледі, шешілетін проблеманың бастапқы себептерін түсінбейді, тапсырманы орындау үшін білімдерін қолданбайды, проблеманы шешу үшін тәсілдерді (әдістер, құралдар, нысандар, аспаптар және тағы басқа) талдай алмайды және жинақтай алмайды, күнделікті практика проблемаларын шешу үшін тапсырманы орындау маңыздылығын төмен бағалайды.

### **9-бөлім. Курстан кейінгі қолдау**

35. Курс тыңдаушысының қызметін курстан кейінгі қолдау деп курстар шеңберінде алынған педагогтің кәсіби құзыреттілігін дамытуды, оған курстан кейінгі кезеңде әдістемелік және консультациялық көмек көрсетуді қамтамасыз ететін іс-шаралар жүйесін қамтитын арнайы ұйымдастырылған процесс жүргізіледі.

Бұл процестің нәтижесі педагогтің кәсіби тәжірибесін түсіну, теорияны практикаға енгізу, өзін-өзі дамытуды өзектендіру, кәсіби табыс, жеке даму болып табылады.

36. Педагогтерді курстан кейінгі қолдау курстан кейінгі кезеңде педагогтің кәсіби қызметінде сапалы өзгерістерге қол жеткізу үшін қашықтық форматта жүзеге асырылады.

37. Педагог қызметін курстан кейінгі қолдау жүргізу нысандарына мыналар жатады:

1) тыңдаушыларға олардың педагогикалық, зерттеу және рефлексивті қызметінде әдістемелік, консультациялық көмек көрсету;

2) педагогикалық және зерттеу қызметінің нәтижелерін жариялауды дайындауда консультациялық көмек көрсету;

3) педагогтердің кәсіби қоғамдастықтарының жұмысын ұйымдастыру және қолдау, оның ішінде тәжірибе алмасу жөніндегі іс-шараларды (байқаулар, жарыстар, конференциялар, семинарлар, вебинарлар, дөңгелек үстелдер және басқа да білім беру іс-шаралары) өткізу.

38. Курстан кейінгі сүйемелдеу және педагогтерге әдістемелік қолдау көрсету әдістері мен тәсілдері анықталды.

Курстан кейінгі қолдау педагогтің курстарда қалыптастырылған құзыреттерді дамыту жөніндегі қызмет жоспарын (бұдан әрі – жоспар) әзірлеу және орындау арқылы іске асырылады.

39. Курстан кейінгі қолдау білім беру ұйымының деңгейін, өңірлік деңгейлерді және республикалық деңгейді қамтиды.

40. Білім беру ұйымының әдістемелік бірлестігі (бұдан әрі – ӘБ) педагогке жоспар әзірлеуде көмек көрсетеді.

Бірінші кезеңде білім беру ұйымы деңгейінде іс-шаралар жоспарланады. Жоспар ӘБ-те талқыланады және оны ұйым басшысы бекітеді. Жоспар курстан кейінгі қолдау шеңберінде балаларға қосымша білім беру бағыттарына сәйкес педагог тандау бойынша ашық сабақтар, шеберлік сыныптар, вебинарлар, семинарлар, байқаулар, жарыстар, тренингтер, жеке және топтық консультациялар, жарияланымдар және т.б. әзірлеу мен өткізуді қамтиды (кемінде 3 іс-шара).

41. Екінші кезеңде педагог жоспарды жүзеге асырады, ал ӘБ педагогті сүйемелдейді: жоспарланған іс-шараларды әзірлеу кезінде кеңес береді, оларға қатысады, жұмыстың рефлексиясын ұйымдастырады. Педагог әр іс-шара бойынша материалдарды әлеуметтік желілерде жариялайды.

42. Үшінші кезеңде педагог оқыту нәтижелерінің презентациясын педагог портфолиосын (немесе оның бөлімін), әдістемелік өнімді, әріптестерге арналған семинарды және т. б. ұсыну түрінде жүргізеді. Білім беру ұйымы деңгейіндегі іс-шараларды іске асырғаннан және оқыту нәтижелерін таныстырғаннан кейін ӘБ педагогке өз тәжірибесін ұйым деңгейінде дамытуды жалғастыруды немесе оны аудандық (қалалық), облыстық деңгейлерде ұсынуды ұсынуы мүмкін.

43. Ұйым деңгейінде өткізілген іс-шаралар оң нәтиже берген жағдайда педагог аудандық (қалалық), облыстық немесе республикалық деңгейдегі іс-шараларды жоспарлайды және іске асырады. Өңірлік ӘБ педагогке сөз сөйлеуге дайындалуға, практиканы ресімдеуге көмектеседі. Қажет болған жағдайда әдіскерлер педагогтің сабақтарына қатысады, онымен өзара әрекеттеседі, жұмыстың рефлексиясын ұйымдастырады.

44. Өңірлік деңгейде сәтті шығу, педагогикалық қоғамдастықтың практиканы қолдауы педагог тәжірибесін республикалық деңгейде таратуға, педагогті аудан (қала), облыс ӘБ-нің әдістемелік активіне қосуға мүмкіндік береді.

45. Республикалық деңгейде Курсты ұйымдастырушы жыл бойы курстан кейінгі әдістемелік қолдауды ұйымдастырады: педагогтердің республикалық вебинарларға, семинарларға, байқауларға, жарыстарға, конференцияларға қатысуы, оқу-әдістемелік материалдарды «Қосымша білім беру және тәрбие», «Темірқазық», «Экоалем» журналдарында, [www.ziyatker.org](http://www.ziyatker.org) сайтында жариялауға таратылады.

46. Курстарда оқыған педагогтердің қызметін курстан кейінгі қолдау қорытындылары бойынша білім беру ұйымы курсты ұйымдастырушыға курстан кейінгі кезеңде педагогтің қызметі туралы жиынтық мәтіндік есепті жыл сайын бірінші жартыжылдықта 1 маусымға дейін, екінші жартыжылдықта 1 қазанға дейін жібереді.

## 10-бөлім. Негізгі және қосымша әдебиеттер тізбесі

47. Курстың оқу процесін жүргізу барысында қолданылатын негізгі әдебиеттер тізбесі:

1) Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы;

2) «Азаматтарға әскери-патриоттық тәрбие беру қағидалары», ҚР Үкіметінің 2022 жылғы 24 тамыздағы №597 қаулысымен бекітілген;

3) «Жастарға әскери – патриоттық тәрбие берудің 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы», ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 24 қарашадағы №1039 қаулысымен бекітілген;

4) Қазақстан Республикасында балаларға қосымша білім беруді дамытудың тұжырымдамалық тәсілдері – «Республикалық қосымша-білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК, Астана, 2019 ж.;

5) Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында «Мектеп / студенттік парламент» білім алушылардың өзін-өзі басқару органдарын дамыту тұжырымдамасы – «Республикалық қосымша-білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК, Нұр-Сұлтан, 2021 ж.;

6) «Оқушылар мен студент жастардың дебаттық қозғалысы» жалпыұлттық мәдени-білім беру жобасының тұжырымдамасы – «Республикалық қосымша-білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК, Нұр-Сұлтан, 2021 ж.;

7) «Орта білім беру ұйымдарында балалар қозғалысының («Мектептегі өзін-өзі басқару», «Жас қыран», «Жас Ұлан» жобалары) қызметін ұйымдастыру және үйлестіру» әдістемелік ұсынымдары» - «Республикалық қосымша-білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК, Астана, 2023 ж.

8) Шиеленістік жағдайларды шешу, толеранттылық және әр алуан мәдени ортада әрекеттесу бойынша әлеуметтік құзыреттілікті қалыптастыру. Білім беру жүйесінің басшыларына, психологтарына, педагогтеріне және әлеуметтік қызметкерлеріне арналған әдістемелік құрал. Асылбекова Л.У. – «Республикалық қосымша-білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК, Астана, 2019 ж.;

9) «Аула клубтарының қызметін ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар» – «Республикалық қосымша-білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК, Астана, 2013 ж.;

10) «Жалпы білім беретін мектептер мен қосымша білім беру ұйымдарында әскери-патриоттық клубтардың қызметін ұйымдастыру» әдістемелік ұсынымдар – «Республикалық қосымша-білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК, Астана, 2014 ж.;

11) Балалар аула клубтары үшін қосымша білім беру оқу бағдарламалары және әдістемелік материалдар жинағы – «Республикалық қосымша-білім беру



оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК, Астана, 2014 ж.;

12) Қазақстан Республикасында балалар қоғамдық ұйымдарының қызметін ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдар – «Республикалық қосымша-білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК, Астана, 2014 ж.;

13) Әдістемелік ұсынымдар «Балаларға қосымша білім беру жүйесінде ата-аналар қоғамдастығы және азаматтық қауымдастығымен ынтымақтасу әдістемесі» – «Республикалық қосымша-білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК, Астана, 2015 ж.;

14) Әдістемелік ұсынымдар «Қосымша білім беру жағдайында ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың шығармашылық дамуы» – «Республикалық қосымша-білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК, Астана, 2018 ж.;

48. Курстың оқу процесін жүргізу барысында қолданылатын қосымша әдебиеттер тізбесі:

1) Әскери патриоттық тәрбие негіздері. Сәдірмекова Ж.Б., Бекбосунов А.Қ., Қадырбаев Ж.Ә. Шымкент, 2010 г.;

2) Қазақстанның балалар қозғалысы: реформалау мәселелері. Дмитриенко Е.А., 2017 ж.;

3) «Қазақстандағы балалар мен жастар қозғалысы: тәжірибе, бастамалар, әлеуметтену» («Жас Ұлан», «Ұлы дала скауттары, Жас патриоттар академиясы және т.б.»), И.Алтынсарина атындағы Ұлттық білім академиясы;

4) Қоғамдық бірлестіктерде балалар мен жастарды бейресми оқыту. Фришман И.И., 2008 ж.;

5) Оқу процесінің психологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі белсенді әлеуметтік-педагогикалық өзара әрекеттесу технологиялары (тренингтер, ойындар, пікірталастар). Оганесян Н.Т. 2013 ж.;

6) Мектеп оқушыларын патриоттыққа тәрбиелеу. Ефремова Г. 2005 ж.;

7) Дау-дамай психологиясы. Гришина Н.В. М., 2008 ж.;

8) Іскерлік қарым-қатынас психологиясы мен этикасы: бакалаврларға арналған оқулық. Г. В. Бороздина, Н. А. Кормнова. - М.: Юрайт, 2013 ж.

9) <https://informburo.kz/stati/pyat-mirovyx-trendov-v-obrazovanii-za-kotorymi-budushhee;>

10) <https://www.open.ac.uk/blogs/innovating/?p=784;>

11) [https://ioe.hse.ru/edu\\_global\\_trends/2024/;](https://ioe.hse.ru/edu_global_trends/2024/)

12) [https://www.hse.ru/news/edu/882600708.html.](https://www.hse.ru/news/edu/882600708.html)